

**"Ойыншықтарды таңбалау, сәйкестік белгісінің кескінін және оған қойылатын талаптар ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрінің 2008 жылғы 19 желтоқсандағы № 480 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы және "Атаулы таңбаны уәкілетті ұйымда міндетті тіркеу және уәкілетті органға тіркелген атаулы таңбалар туралы мәліметтерді ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2016 жылғы 29 наурыздағы № 299 бұйрығының күші жойылды деп тану туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2019 жылғы 14 қарашадағы № 97 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 19 қарашада № 19615 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің м.а. 2021 жылғы 19 сәуірдегі № 285-НҚ бұйрығымен.

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 19.04.2021 № 285-НҚ (01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 2-тармағына және 50-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Ойыншықтарды таңбалау, сәйкестік белгісінің кескінін және оған қойылатын талаптар ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрінің 2008 жылғы 19 желтоқсандағы № 480 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5417 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Ойыншықтарды таңбалау, сәйкестік белгісінің кескінін және оған қойылатын талаптар ережесінде:

осы Ереженің 4-қосымша осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Атаулы таңбаны уәкілетті ұйымда міндетті тіркеу және уәкілетті органға тіркелген атаулы таңбалар туралы мәліметтерді ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2016 жылғы 29 наурыздағы № 299 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13632 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылы 20 мамырда жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Министр*

*Б. Сұлтанов*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасы  
Сауда және интеграция  
министрінің  
2019 жылғы 14 қарашадағы  
№ 97 бұйрығына  
қосымша  
Ойыншықтарды таңбалау  
ережесі,  
сәйкестік белгісінің кескіні  
және оған қойылатын  
техникалық талаптарға  
4-қосымша

### **Қазақстан Республикасының облыстары мен әкімшілік орталықтарының шартты сандық белгілерінің тізбесі**

1. Нұр-Сұлтан қ. 7100
2. Алматы қ. 7500
3. Ақмола облысы 1100  
Көкшетау қ. 1110
4. Ақтөбе облысы 1500  
Ақтөбе қ. 1510
5. Алматы облысы 1900  
Талдықорған қ. 1910
6. Атырау облысы 2300  
Атырау қ. 2310
7. Шығыс Қазақстан облысы 6300  
Өскемен қ. 6310  
Семей қ. 6328

8. Жамбыл облысы 3100  
Тараз қ. 3110
9. Батыс Қазақстан облысы 2700  
Орал қ 2710
10. Қарағанды облысы 3500  
Қарағанды қ. 3510  
Жезқазған қ. 3518
11. Қызылорда облысы 4300  
Қызылорда қ. 4310
12. Қостанай облысы 3900  
Қостанай қ. 3910
13. Маңғыстау облысы 4700  
Ақтау қ. 4710
14. Павлодар облысы 5500  
Павлодар қ 5510
15. Солтүстік Қазақстан облысы 5900  
Петропавл қ. 5910
16. Түркістан облысы 5100  
Түркістан қ. 5126
17. Шымкент қ. 5110